

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1, 2 аралық бақылауға арналған тесттері

БББ атауы: 6В1011 «Медицина»

Пән коды: ІА 4318

Пән атауы: «Ішкі аурулар негіздері-2»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150/5

Оқу курсы мен семестрі: 4, VII

Шымкент 2023

Құрастырған:



Альмуханова К.К.

Кафедра меңгерушісі, доцент



Асанова Г.К.

Хаттама № 1 Күні 28.08 2025

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 3 беті

1 вариант

- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың дұрыс түрлері (ГЭРА):
 - Аутоиммундық рефлюкстік ауру, рефлюкс-эзофагит, аденокарцинома
 - Эндоскопиялық негативті, рефлюкс-эзофагит, созылмалы эзофагит
 - Эрозивтік емес рефлюкстік ауру, рефлюкс-эзофагит, Баррет өңеші
 - Ойық-жаралы рефлюкстік ауру, Баррет өңеші, жігі эзофагит
 - Эрозивтік емес рефлюкстік ауру, ойық-жаралы рефлюкстік ауру
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың дамуының жиі механизмі:
 - Асқазанның перистальтикасының бұзылуы
 - Хеликобактер пилори
 - Өңештің төменгі сфинктерінің жабылу қызметінің бұзылуы
 - Өңештің жоғарғы сфинктерінің жабылу қызметінің бұзылуы
 - Антродуоденалдық координацияның бұзылуы
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың диагнозын қою үшін келесі зерттеу әдісі қолданылады:
 - Асқазан сөліндегі протеолитикалық ферменттердің белсенділігін анықтау
 - R-диагностика, тыныс алу арқылы уреаздық сынама
 - Хеликобактер пилориді анықтау, Бернштейн сынамасы
 - Эзофагoduоденофиброгастроскопия, рН-метрия
 - Өңештің және асқазанның секреторлық қызметін анықтау
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік ауруға тән емес белгі:
 - Өңештің төменгі бөлігінің шырышты қабатында тілінулердің болуы
 - Эндоскопиялық зерттеуде анықталған өңештің ұзындығының қысқаруы
 - Өңештің төменгі бөлігінің шырышты қабатының қызаруы
 - Тренделенбург қалпында өңешті контрасттық рентгенологиялық зерттеу кезінде асқазан құрамының өңешке қайта өтуі
 - Кардиалдық сфинктердің үніреюі немесе толық жабылмауы
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың диагностикасы үшін Бернштейн және Бейкер снамаларын жүргізгенде қолданылатын ерітінді:
 - Күкірт қышқылының ерітіндісі
 - Сірке қышқылының ерітіндісі
 - Алма қышқылының ерітіндісі
 - Тұз қышқылының ерітіндісі
 - Ас содасының ерітіндісі
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік ауруды емдеудегі негізгі патогенетикалық дәрі-дәрмектер:
 - Антацидтік және ферменттік препараттар
 - Протондық помпаның ингибиторлары (ППИ) және H₂-гистаминдік рецепторлардың блокаторлары
 - Спазмолитиктер және кальций блокаторларының антагонистері
 - Прокинетикалық және адсорбенттік препараттар
 - Протондық помпаның ингибиторлары (ППИ) және асқазан сөлінің стимуляторлары
- Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың 1 сатысында эрозивті емес және эрозивті түрлерінде 4 апта аралығында келесі препараттар қолданылады:
 - Протондық помпаның ингибиторы (ППИ)+ антацидтік препарат
 - Прокинетикалық дәрі + антацидтік препарат
 - Прокинетикалық дәрі + мукоцитопротектор
 - Протондық помпаның ингибиторы (ППИ)+прокинетикалық дәрі
 - Спазмолитик + кальций блокаторларының антагонисті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 4 беті

8. Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың эрозивті түрінің 2 және 3 сатыларында келесі препараттарды қолдану арқылы фармакотерапия жүргізіледі:
 - A. ППИ + антацидтік препарат + мукоцитопротектор
 - B. ППИ + прокинетикалық дәрі + антацидтік препарат
 - C. ППИ + антацидтік препарат
 - D. Прокинетикалық дәрі + мукоцитопротектор
 - E. Спазмолитик + кальций блокаторларының антагонисті
9. Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың эрозивті түрінің 2-3 сатыларында жүргізілетін негізгі емдеу курсының ұзақтығы:
 - A. 6 апта
 - B. 4 апта
 - C. 8 апта
 - D. 10 апта
 - E. 12 апта
10. Гастроэзофагеалдық рефлюкстік аурудың 4 дәрежесінде жүргізілетін отаның түрі:
 - A. Асқазанның және өңештің төменгі үштен бір бөлігінің резекциясы
 - B. Өңештің зақымданған бөлігін кесіп алып тастау
 - C. Экстрамукоздық миотомия
 - D. Фундопластика
 - E. Диафрагманың өңештік саңылауына пластика жасау
11. Ойық-жара ауруының патогенезіне тікелей қатысты *H.pylori* бактериясының бөлетін ферменттері:
 - A. Уреаза, муциназа
 - B. Қышқыл фосфатаза, липаза
 - C. Фосфолипаза, тұз қышқылы
 - D. Амилаза, уреаза
 - E. Фосфатаза, амилаза
12. *H.pylori* асқазанның антральдық бөлігінің шырышты қабатының эпителиалдық жасушаларына жабысып орналасуына ыңғайландыратын көмекші:
 - A. Кірпікшелер
 - B. Адгезин-акуызы
 - C. Емізікшелер
 - D. Муциназа
 - E. Акуыздан тұратын ерекше желім затын бөлуінің
13. *H.pylori* алғашқы кезде асқазанның келесі бөлігін жиі зақымдайды:
 - A. Субкардиалдық
 - B. Кардиалдық
 - C. Фундалдық
 - D. Асқазан денесі
 - E. Антралдық
14. *H.pylori* бактериясын зерттеу бойынша, яғни оны қалай диагностика жасау мен қалай емдеу туралы шешім қабылдайтын Еуропалық топтың атауы:
 - A. Гаага конвенциясы
 - B. Маастрихт консенсусы
 - C. Берлиндік кеңес
 - D. Потсдам келісімі
 - E. Мәскеулік саммит
15. Маастрихт келісімі бойынша бірінші қатардағы эрадикациялық терапияның тиімсіздігінде келесі схеманы қолдану керек:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 5 беті

- A. Сол схемадағы дәрілерді екі еселенген мөлшерде қолдану
 - B. Резервтік схеманы тағайындау
 - C. Екінші қатардағы терапияны
 - D. Сол схемадағы дәрілерді қайтадан 14 кун бойы қабылдау
 - E. Бірінші қатардағы схеманың кез-келгенін 14 кун бойы қабылдау
16. Екінші қатардағы (квадротерапия) эрадикациялық терапияның нәтижесі сәтсіз болғанда қолданылатын терапия түрі:
- A. "Құтқару терапиясы"
 - B. "Үмітсіздік терапиясы"
 - C. "Қажеттілік бойынша терапия"
 - D. "Талап бойынша терапия"
 - E. "Бөлшектік диетотерапия".
17. Он екі елі ішек шамының ойық-жара ауруының басты этиологиялық факторы болып саналады:
- A. Алкоголь қабылдау
 - B. Ішек таяқшасы
 - C. Темекі шегу
 - D. H. pylori (HP)
 - E. Тұқым қуалаушылық фактор
18. Он екі елі ішекте орналасқан ойық-жара ауруының дамуында басты патогенетикалық қатары болып табылады:
- A. Өттің рефлюксі
 - B. Күрт айқын қышқылды-пептидтік фактор
 - C. Он екі елі ішектің шырышты қабатының қорғау факторларының әлсіреуі
 - D. Иммунологиялық факторлар
 - E. Асқазан ішек жолдарының қозғалу қызметінің бұзылуы
19. Асқазан денесінде орналасқан ойық-жара ауруының дамуында басты патогенетикалық қатары болып табылады:
- A. Қышқылды - пептидтік фактор
 - B. Өттің рефлюксі
 - C. Асқазан ішек жолдарының қозғалу қызметінің бұзылуы
 - D. Асқазанның шырышты қабатының қорғау факторларының әлсіреуі
 - E. Иммунологиялық факторлар
20. Эпигастралдық аймақтың және төс артының ерте (тамақ қабылдағаннан 30-60 минуттан кейін) ауырсынуы тән ойық-жараның орналасқан бөлімі:
- A. Асқазанның кардиалдық және субкардиалдық бөлімінде
 - B. Он екі елі ішектің пиязшығында
 - C. Он екі елі ішектің бульбарлық бөлімінің артында
 - D. Пилорлық бөлімде
 - E. Асқазанның антральді бөлімінде

2 вариант

1. Эпигастралдық аймақтың және төс артының ерте (тамақ қабылдағаннан 30-60 минуттан кейін) ауырсынуы тән ойық-жараның орналасқан бөлімі:
- A. Он екі елі ішектің пиязшығында
 - B. Он екі елі ішектің бульбарлық бөлімінің артында
 - C. Пилорлық бөлімде
 - D. Асқазанның антральді бөлімінде
 - E. Асқазанның кардиалдық және субкардиалдық бөлімінде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 6 беті

2. Эпигастрий аймағының кеш, аш қарынға және түнгі ауырсынуы ойық-жараның орналасуына тән:
 - A. Асқазанның антралдық бөлімінде
 - B. Асқазанның кіші және үлкен иірімінде
 - C. Асқазанның кардиалдық бөлімінде
 - D. Он екі елі ішекте
 - E. Асқазанның субкардиалдық бөлімінде
3. Тамақ қабылдағаннан кейін айқын тұрақты ағым, ұстамалы ауырсыну синдромы, тұрақты қыжылдау, эпигастрий аймағындағы толып қалу және керіп тұру сезімдері тән:
 - A. Ойық жараның кардиалдық және субкардиалдық бөлімде орналасуына
 - B. Пилорлық бөлімде ойық жараның орналасуына
 - C. Асқазанның кіші және үлкен иірімдерінде ойық жараның орналасуына
 - D. Он екі елі ішектің шамындағы ойық жараға
 - E. Он екі елі ішектің бульбарлық бөліміндегі ойық жараға
4. Гепатобилиарлық патологиясының симптомдарымен көрінетін және де ұйқы безіне пенетрациямен жиі асқынатын ойық-жараның орналасатын бөлімі:
 - A. Асқазанның антралдық бөлімінің артқы қабырғасы
 - B. Асқазанның антралдық бөлімінің алдыңғы қабырғасы
 - C. Он екі елі ішек шамының алдыңғы қабырғасы
 - D. Он екі елі ішек шамының артқы қабырғасы
 - E. Пилорлық бөлімі
5. Ойық-жара ауруына тән емес асқыну:
 - A. Қан кету
 - B. Перфорация
 - C. Кардиоспазм
 - D. Пенетрация
 - E. Малигнизация
6. Ойық-жараның перфорациясын дәлелдейтін симптом:
 - A. Бергман
 - B. Жобер
 - C. Мерфи
 - D. Айзенберг - I
 - E. Айзенберг - II
7. НР-негативтік ойық-жара ауруымен ауыратын науқастардың еміне қосу қажет:
 - A. Қандай да бір дәрімен монотерапияны
 - B. Кешендік терапияны
 - C. Тек 7-10-күндік эрадикациялық терапияны
 - D. Бір антисекреторлық дәріні
 - E. Бір репаратты
8. НР-позитивті ойық-жара ауруының эрадикациялық терапиясының бірінші қатардағы таңдаулы схемасы:
 - A. Омепразол + трихопол + кларитромицин, 7-10 күн
 - B. Пантапризол + амоксициллин + трихопол, 7-10 күн
 - C. Пантапризол + тетрациклин + трихопол, 7-10 күн
 - D. Омепразол + амоксициллин + кларитромицин, 12-14 күн
 - E. Омез + де-нол + метронидазол, 10-12 күн
9. Ісікті-асциттік синдромы бар бауыр циррозымен ауыратын науқастарды емдеу үшін зәр айдайтын дәрілерді тағайындағанда мөлшері ескерілетін көрсеткіш:
 - A. Кальций
 - B. Фтор
 - C. Калий
 - D. Натрий
 - E. Хлор
10. В гепатиті кезінде қан сарысуында табылмайтын маркердің түрі:
 - A. HBc Ag

- B. HBs Ag
 - C. HBe Ag
 - D. Анти-HBe IgG
 - E. Анти-HBe IgM
11. Бауыр энцефалопатиясына жатпайтын белгі:
- A. Ауыздан бауыр иісі
 - B. "Шапалақ" тремор
 - C. Қандағы аммиактың концентрациясының жоғарылауы
 - D. Жадының төмендеуі
 - E. Гипербилирубинемия
12. Біріншілік билиарлық цирроздық ерте клиникалық белгісі болып табылады:
- A. Сарғаю
 - B. Асцит
 - C. Көктамырдың варикоздық кенеуі
 - D. Терінің қышуы
 - E. Спленомегалия
13. Созылмалы гепатит – бұл ... кем емес уақытқа созылған жақсарусыз бауырдың қабыну ауруы.
- A. 3 айдан
 - B. 2 айдан
 - C. 6 айдан
 - D. 4 айдан
 - E. 1 жылдан
14. В вирусының белсенді репликациясы көрсеткішінің серологиялық маркері болып табылады:
- A. Анти-HBs
 - B. HBeAg
 - C. Анти-HBeIgG
 - D. Анти-HBe
 - E. Антинуклеарлық антиденелер
15. 64 жастағы ер адам. Әр тағам қабылдағаннан кейін және түнгі уақытта пайда болатын жиілеген қыжылға шағымдарымен келді. Науқасқа тағайындалатын мәліметті зерттеу әдісі:
- A. Ультрадыбыстық зерттеу
 - B. Рентгенологиялық зерттеу
 - C. Эзофагогастроуденоскопия
 - D. Электрокардиография
 - E. Флюорография
16. 59 жастағы ер адам. Әр тағам қабылдағаннан кейін және түнгі уақытта пайда болатын жиілеген қыжылға шағымдарымен келді. ЭГДС кезінде өңештің дистальды бөлімінің ісінуі және гиперемиясы, өңештің барлық шеңберін алып жатқан көптеген эрозиялар анықталады. Сіздің алғашқы диагнозыңыз:
- A. Функционалдық диспепсия, ауырсыну түрі
 - B. Созылмалы гастрит өршу сатысы
 - C. Асқазанның ойық жара ауруы
 - D. Гастроэзофагеалдық рефлюкстік ауру
 - E. Кардия ахалазиясы
17. 24 жастағы науқас М., кәдімгі мөлшерде ас қабылдағаннан кейін эпигастрий аймағы толып кету және ерте тою сезімі мазалайды. Аталған көрініс 4 ай бұрын басталған болатын. Сіздің алғашқы диагнозыңыз:
- A. Функционалды диспепсия, ауырсыну түрі
 - B. Гастроэзофагеалдық рефлюкстік ауру
 - C. А типтегі гастрит
 - D. В типтегі гастрит
 - E. Функционалды диспепсия, постпрандиалды түрі
18. 24 жастағы науқас М., кәдімгі мөлшерде ас қабылдағаннан кейін эпигастрий аймағы толып кету және ерте тою сезімі мазалайды. Аталған көрініс 4 ай бұрын басталған болатын. Асқазан ішек жолының моторикасын жақсартатын препараттардың тобы:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 8 беті

- A. Прокинетики
 - B. Ас қорытатын ферменттер
 - C. Протондық помпаның ингибиторлары
 - D. H₂-гистаминдік рецепторлардың блокаторлары
 - E. Гастропротекторлар
19. 24 жастағы науқас М., кәдімгі мөлшерде ас қабылдағаннан кейін эпигастрий аймағы толып кету және ерте тою сезімі мазалайды. Аталған көрініс 4 ай бұрын басталған болатын. Асқазан ішек жолының моторикасын жақсартатын препарат:
- A. Креон
 - B. Де-нол
 - C. Итомед
 - D. Гастал
 - E. Хофитол
20. 40 жастағы науқас қабылдау бөліміне келесі шағымдармен жеткізілді - әлсіздік, бас айналуы, екі рет "қою кофе" ұқсас құсу, сұйық қара түсті үлкен дәрет, тершенділік, шөлдеу. Анамнезінде: 1 жыл бойы эпигастрий аймағы ауырады, ас содасын қабылдағанда басылады. Қазіргі ауақытта жағдайдың нашарлауы таңертең ауыр затты көтергеннен басталды. Объективті: бозарған, АҚ 100/65 мм рт. ст., ЖЖЖ (ЧСС) 105 мин., пульсы әлсіз. Іштің тітіркену симптомдары жоқ. Клиникалық хаттамаға сәйкес қан кетуді тоқтату үшін тиімді препаратты тағайындаңыз:
- A. Нитрендипин
 - B. Аминокапроң қышқылы
 - C. Викасол
 - D. Новосевен
 - E. Гемотрансфузия

3 вариант

1. 38 жастағы науқас оң қабырға астының ауырсынуына, сәл сарғаюға, артралгияға шағымданады. Зерттеуде: гепатомегалия, нормохромды анемия, лейкопения, тромбоцитопения, LE-клеткалары++. ИФА– жазық бұлшықеттерге антиденелер (SMA) және антинуклеарлы антиденелер (ANA) анықталған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің алғашқы диагнозыңыз:
- A. 3 типтегі аутоиммунды гепатит
 - B. 2 типтегі аутоиммунды гепатит
 - C. 1 типтегі аутоиммунды гепатит
 - D. Бауырдың біріншілік билиарлы цирроз
 - E. Бауырдың билиарлы циррозы
2. 36 жастағы науқас Р., сарғаюға, тері эритемасына, оң қабырға астының ауырлығына, тәбеттің нашарлауына, әлсіздікке, артралгияға шағымданды. Объективті: бауыры қабырға доғасы шетінен +2 см шығады, көкбауыры пальпацияланбайды. ҚЖА: Нв - 100 г/л, эр. - 3,0x10¹²/л, лейкоц. 3,0x10⁹/л, тромб. - 100x10⁹/л, ЭТЖ 32 мм/с. ИФА: бауырдың-бүйректің микросомаларына (ALKM-1) антиденелер анықталған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:
- A. 1 типтегі аутоиммунды гепатит
 - B. 2 типтегі аутоиммунды гепатит
 - C. 3 типтегі аутоиммунды гепатит
 - D. Бауырдың біріншілік билиарлы цирроз
 - E. Бауырдың билиарлы циррозы
3. Науқаста оң қабырға астының ауырлық сезімі, сарғаю, гепатомегалиясы бар. Тексеруде: жалпы билирубин - 60ммоль/л, тікелей -35 ммоль/л, АЛТ - 2,0 мккат/л, АСТ - 1,5 мккат/л. ИФА: HBsAg +, HBeAg+, HBeAb+, ДНК HBV+. Клиникалық хаттамаға сәйкес серологиялық маркерлер... білдіреді.
- A. HBV ауырғаннан кейінгі иммунитетті
 - B. HBV тасымалдаушылықты

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 9 беті

- C. HBV репликация кезеңін
D. Вакцинациядан кейінгі иммунитетті
E. HBV интеграция кезеңін
4. Науқаста оң қабырға астының ауырлық сезімі, сарғаю, гепатомегалиясы бар. Тексеруде: жалпы билирубин - 60 ммоль/л, тікелей - 35 ммоль/л, АЛТ - 2,0 мккат/л, АСТ - 1,5 мккат/л. ИФА: HBsAg +, HBeAg+, HBcAb+, ДНК HBV+. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің медикаментоздық тактикаңыз :
- Бейспецификалық вирусқа қарсы терапия
- A. Патогенетикалық терапия
B. Глюкокортикоидтық терапия
C. Антифиброздық терапия
D. Спецификалық вирусқа қарсы терапия
5. Науқаста сарғаю, гепатомегалия, трансферазаның аздап жоғарылауы барысында ИФА анықталды: HBsAg+, IgG тобының HBcAb+, ДНК HBV-. Клиникалық хаттамаға сәйкес серологиялық маркерлер білдіреді:
- A. HBV репликация кезеңін
B. HBV интеграция кезеңін
C. HBV ауырғаннан кейінгі иммунитетті
D. HBV тасымалдаушылықты
E. Вакцинациядан кейінгі иммунитетті
6. Көз склерасы сәл сарғайған, майлы тағамдарды көтере алмайтын, оң қабырға астындағы ауырлық сезімі бар, аминотрансфераза деңгейі сәл жоғарылаған науқастың ИФА қорытындысы: HBsAg -, HBeAb+, IgG тобындағы HBcAb +, ДНК HBV-. Клиникалық хаттамаға сәйкес серологиялық маркерлер білдіреді:
- A. HBV репликация кезеңін
B. HBV тасымалдаушылықты
C. Вакцинациядан кейінгі иммунитетті
D. HBV ауырғаннан кейінгі иммунитетті
E. HBV интеграция кезеңін
7. 35 жастағы науқас К., асқазанынан қан кету себебімен ауруханаға жеткізілді. 6 жыл бойы терапевте 12-елі ішектің ойық жарасы жөнінде есепке алынған. Ойық жара стандартты терапияға қиын көнеді және жиі қайталанады. ЭФГДС: 12-елі ішектің кілегей қабатында көптеген ойық жаралар бар. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:
- A. Золлингер-Эллисон синдромы
B. Постпрандиалдық дистресс-синдромы
C. Эпигастридің ауырсыну синдромы
D. Асқазандық диспепсия синдромы
E. Мэлори-Вейс синдромы
8. 35 жастағы науқас К., асқазанынан қан кету себебімен ауруханаға жеткізілді. 6 жыл бойы терапевте 12-елі ішектің ойық жарасы жөнінде есепке алынған. Ойық жара стандартты терапияға қиын көнеді және жиі қайталанады. ЭФГДС: 12-елі ішектің кілегей қабатында көптеген ойық жаралар бар. Клиникалық хаттамаға сәйкес диагнозды дәлелдеу үшін келесі диагностикалық әдіс:
- A. Асқазанның рентгеноконтрастты зерттеу
B. Копрологиялық зерттеу
C. Қандағы гастрин деңгейін анықтау
D. 12-елі ішектің кілегей қабатының биопсиясы
E. Қандағы кальцитонин деңгейін анықтау
9. Тұрақты қайталамалы ағыммен жүретін және антисекреторлық препараттармен және антибиотиктермен жүргізілетін стандартты терапияға қиын көнетін 12-елі ішектің ойық жара ауруы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 10 беті

бар 40 жастағы науқаста Золлингера-Эллисон синдромының дамығанына күдіктенген. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагностикалық тактикаңыз:

- A. Базалды қышқылды өнімді (BAO) анықтау
- B. Максималды қышқылды өнімді (MAO) анықтау
- C. BAO/MAO қатынасты анықтау
- D. Қандағы гастрин деңгейін анықтау
- E. Холландер тестін қою

10. 42 жастағы науқас А., сарғаюға, оң қабырға астының ауырсынуына, оссалгияға, миалгияға шағымданды. Объективті: бауыры қабырға доғасы шетінен +2,5 см шығады, көкбауыры 6x8 см. ҚЖА: нормохромды анемия, лейкопения, тромбоцитопения. LE-клеткалары++. ИФА: тегіс бұлшықетке антиденелер (SMA) және антинуклеарлы антиденелері (ANA) анықталған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің келесі емдеу тактикаңыз:

- A. Урсодезоксикол қышқылы + холестирамин
- B. Азатиоприн + преднизолон
- C. Гептрал + эссенциале-форте
- D. Десферал + ЛИВ-52
- E. Д-пеницилламин + карсил

11. 30 жастағы науқас К., терісі сарғаюына, оң бүйірі ауырсынуына, тәбетінің нашарлағанына, әлсіздікке, артралгияға шағымданады. Объективті: бауыры қабырға доғасы шетінен +2 см шығады, көкбауыры - 6x8см. Нв - 100 г/л, эр. - 3,0x10¹²/л, лейкоц. - 3,0x10⁹/л, тромб. - 100x10⁹/л, ЭТЖ 32 мм/сағ. ИФА: бауырдың еритін антигеніне антиденелер (SLA) және еритін бауыр-панкреатикалық антигеніне антиденелер (LP) анықталған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. 3 типтегі аутоиммунды гепатит
- B. 1 типтегі аутоиммунды гепатит
- C. 2 типтегі аутоиммунды гепатит
- D. Бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
- E. Бауырдың екіншілік билиарлы циррозы

12. 43 жастағы науқас В., шағымдары - оң бүйірі тұйық ауырсынады, терісі сарғайған, зәрі қоңырланған. Объективті: терісі сарғайған, алақандары қызарған, гинекомастия. Тілі қанық қызыл түсті, ылғалды. Іші жұмсақ, оң бүйірі ауырады. Бауыры қабырға доғасы шетінен + 2,5 см шығады. ИФА: HBeAg+, анти-HBc IgM+, ДНК HBV+. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Созылмалы гепатит С
- B. Созылмалы гепатит А
- C. Созылмалы гепатит В
- D. Созылмалы гепатит Д
- E. Созылмалы гепатит G

13. 52 жастағы науқас әлсіздікке, лоқсуға, түнде ұйықтамауға, ал күндіз ұйқышыл болуына, ішінің кебуіне, оң бүйірі ауыратынына шағымданды. Майлы және ашшы тағам қабылдағанда ауырсыну күшейеді, үлкен дәреті сұйылады. Бауыры қабырға доғасы шетінен 6 см шығады, тығыз, пальпацияда ауырады. Көкбауыры пальпацияланбайды, көлемі 10x12 см. Перкуссияда іштің төменгі жағы тұйықталған. Нв 115 г/л, лейкоц. 4,8 мың - 1 мкл, ЭТЖ - 28 мм/сағ. АЛТ - 1,75 ммоль/л, АСТ - 1,45 ммоль/л. Жалпы билирубин - 46 мкмоль/л, альбуминдер - 30 г/л, ПТИ - 60%. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Бауыр циррозы, компенсация сатысы
- B. Бауыр циррозы, субкомпенсация сатысы
- C. 1 типтегі аутоиммунды гепатит
- D. 2 типтегі аутоиммунды гепатит
- E. Бауыр циррозы, декомпенсация сатысы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 11 беті

14. Гастроэнтерологқа военкоматтан жас жігітті келесі зертханалық тесттер қорытындысымен жолдамамен жіберген: жалпы билирубин - 47,0 мкмоль/л, байланысқаны - 4,5 мкмоль/л, АЛТ - 28,0 бірл/л, қанның жалпы анализі: эритроциттер - $5,0 \cdot 10^{12}/л$, түсті көрсеткіші - 0,9, лейкоциттер - $5,8 \cdot 10^9/л$, ЭТЖ - 9 мм/сағ.; ИФА: HBsAg - теріс, анти-HBcor IgG - оңды, анти-HCV - теріс. 1-2 апта бойы ұйқышылдыққа, жұмыс қабілеті төмендегеніне шағымданады. Көз склералары сарғайған, басқа ағзалар мен жүйелерде өзгерістер анықталмаған. Бұрын соң ЖРВИ басқа ешқандай дертпен ауырмаған. Сіздің қорытындыңыз:

- A. Жіті вирустық гепатит В, субклиникалық
- B. Вирусты гепатит В кейін дамыған Жильбер синдромы
- C. Созылмалы вирустық гепатит В, белсенділігі жеңіл дәрежелі
- D. Созылмалы вирустық гепатит В, белсенділігі орташа дәрежелі
- E. Жильбер синдромы, вирусты гепатит В, интеграция сатысы

15. Бауырдың алкогольдік ауруына тән зертханалық көрсеткіштер:

- A. Макроцитарлы анемия, орташа деңгейдегі лейкоцитоз, АСТ/АЛТ қатынасы < 2 ; ГГТП жоғарылаған
- B. Макроцитарлы анемия, орташа деңгейдегі лейкоцитоз, АСТ/АЛТ қатынасы > 2 ; СФ жоғарылаған
- C. Макроцитарлы анемия, нормоцитоз, АЛТ деңгейі АСТ қарағанда айқын жоғары; ГГТП жоғарылаған
- D. Макроцитарлы анемия, орташа деңгейдегі лейкоцитоз, АСТ/АЛТ қатынасы > 2 ; ГГТП жоғарылаған
- E. Эритроцитоз, ЭТЖ жоғарылауы; СФ жоғарылаған

16. Алкоголь қабылдайтын 45 жастағы ер адамды оң қабырға астының ауырсынуы мазалайды. Объективті: тері жамылғылары сарғыш түсті, бауыры қабырға астынан 2 см үлкейген, пальпацияда ауырсыну байқалады. Зертханалық көрсеткіштері: макроцитарлы анемия, орташа деңгейдегі лейкоцитоз, АСТ/АЛТ қатынасы > 2 , ГГТП жоғарылаған.

Сіздің диагнозыңыз:

- A. Бауырдың алкогольдік ауруы
- B. Созылмалы панкреатит
- C. Созылмалы гепатит
- D. Билиарлық-тәуелді панкреатит
- E. Майлы гепатоз

17. Алкоголь қабылдайтын 45 жастағы ер адамды оң қабырға астының ауырсынуы мазалайды. Объективті: тері жамылғылары сарғыш түсті, бауыры қабырға астынан 2 см үлкейген, пальпацияда ауырсыну байқалады. Зертханалық көрсеткіштері: макроцитарлы анемия, орташа деңгейдегі лейкоцитоз, АСТ/АЛТ қатынасы > 2 , ГГТП жоғарылаған.

Медикаментоздық терапия:

- A. Гастропротекторлар, С витамині
- B. Ферменттік препараттар, поливитаминдер
- C. Глутаргин, В тобының витаминдері
- D. Протеолитикалық ферменттер, В₁₂ витамині
- E. Эссенциалдық фосфолипидтер, пробиотиктер

18. Ойық жаралы аурудың диетотерапиясында бөлшектеп тамақтануға белоктық азық-түліктерді қосу нәтижесі:

- A. Асқазан құрамындағы қышқылдық жоғарылайды
- B. Асқазан құрамындағы қышқылдық төмендейді
- C. Асқазан құрамындағы пепсин деңгейі жоғарылайды
- D. Асқазан құрамындағы пепсин деңгейі төмендейді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 12 беті

Е. Секретин деңгейі төмендейді

19. 18 жастағы әйелде эмоциялық күйзелістен кейін дисфагия, кеуде артында "түйнеп қалу" сезімі мазалайды. Кейінірек шаршағанда, қиналу күйзелісі болғанда дисфагия қайталаған. Тәбеті жақсы сақталған, дене салмағы қалыпты. Физикалді тексеруде патология анықталмаған. Дисфагияның нақты себебі:

- A. Өңеш обыры
- B. Өңештің пептидтік ойық жарасы
- C. Диафрагмада өңештің тесігінің аксиалық жарығы
- D. Эзофагоспазм
- E. Өңештің герпестік зақымдануы

20. 49 жастағы науқасқа 5 жыл бұрын ойық жарадан қан кетумен перфорация болғанда ота жасалған. Қазіргі уақытта бұрынғыдай ауырсыну, бірақ эпигастрий аймақтың сол жағында орналасқанын, ауырсырудың шыңында құсатынын, жүдегенін байқаған. Консервативті ем нәтижесіз. Нәжісте Грегерсен реакциясы оң нәтижелі(+++). Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Агастралды астения
- B. Гипогликемия синдромы
- C. Анастомоздың пептидтік ойық жарасы
- D. Түйін пайда болу синдромы
- E. Демпинг-синдром

4 вариант

1. 26 жастағы ер азамат дәрігерге келесі шағымдармен қаралды: тамақтанғаннан кейін 1-1,5 сағатта эпигастрий аймағындағы ауырсыну, қыжылдау, кекіру болады. Тексеруде: тілі ылғалды, ақ жабынмен қапталған, іші жұмсақ, эпигастрийде аздап ауырсыну. ФГДС: асқазанның кілегей қабатында диффузды гиперемия, асқазанның антралды бөлігі кілегей қабатында көлемі 0,5 см дейінгі беткейлік дефекттер бар. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Созылмалы атрофиялық гастрит
- B. Асқазанның ойық жаралы ауру
- C. Созылмалы атрофиялық емес гастрит, эрозиялары бар
- D. Рефлюкс-гастрит
- E. Функционалді ойық жаралы емес диспепсия

2. 76 жастағы ер азаматты тамақтанғаннан кейін эпигастрийде ауырлық және толып кету сезімі, тамақпен кекіру, лоқсу, ауызынан жағымсыз иіс; метеоризм, іштің шұрылдауы мазасыздандырады. ФГДС: кілегей қабаты бозарған және дақтанған, қатпарлары жазылған, кілегей қабатының астындағы қан тамырлары көрінеді. Морфологиясы (асқазанның денесі мен антралды бөлігі биоптаттары) - атрофия, лимфоплазмоцитарлы инфильтрация, орташа деңгейдегі ішектік метаплазия. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Созылмалы аутоиммунды пангастрит
- B. Созылмалы Н. Pylori антралді гастрит
- C. Созылмалы антралді рефлюкс-гастрит
- D. Созылмалы гиперпластикалық гастрит
- E. Созылмалы атрофиялық пангастрит

3. Науқаста гепатомегалия, гипергликемия, терінің гиперпигментациясы, қан сарысуында темір деңгейі жоғарылғаны анықталған. Осы симптомокомплекс тән ауру:

- A. Созылмалы вирусты гепатит
- B. Бауыр циррозы
- C. Гемохроматоз
- D. Бүйрек үсті бездерінің гиперфункциясы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 13 беті

- Е. Вильсон-Коновалов ауруы
4. Мезенхималық қабыну синдромы кезінде қанның құрамында...жоғарылайды.
- Холестерин
 - Сілтілі фосфатаза
 - Билирубин
 - Гамма-глобулиндер
 - Альбумин
5. 28-жастағы ер азамат инъекциялы есірткі қабылдайды. Тез шаршап қалатынын байқаған. Қан сарысуында АСТ 4 есе, АЛТ 5 есе жоғарылаған, анти-HCV оң нәтижелі. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:
- Гепатит В
 - Гепатит С
 - Гепатит А
 - Гепатит Е
 - Гепатит G
6. Науқастың қан зерттеуінде вирустық гепатит "В" анықталған. Созылмалы тасымалдаушыдан созылмалы активті гепатит "В" ажырататын тиімді зертханалық тест:
- Ядролық антиген (анти-HBc, IgM)
 - Тегіс бұлшықеттеріне сарысулық антиденелер
 - Антинуклеарлық фактор
 - Сарысулық беткейлік антиген (HBsAg)
 - Сарысулық AFP (α-фетопротеин)
7. Семіздігі 2 дәрежедегі 58 жастағы әйелге "аутоиммунды" гепатит диагнозы қойылды. Қан сарысуында АЛТ 6 есе жоғарылаған. Терапиясында ең алдымен тағайындалатын препарат:
- Преднизолон
 - Азатиоприн
 - D-пеницилламин
 - Эссенциалы фосфолипидтер
 - Адеметионин
8. Сарғаю және гепатоспленомегалиямен сырқаттанатын науқастың қан сарысуында митохондриі компоненттеріне аутоантиденелер және IgM деңгейі жоғарылаған. Осындай жағдай жиі тән ауру:
- Дәрілік гепатит
 - Вирустық гепатит
 - Алкоголдік гепатит
 - Аутоиммунды гепатит
 - Біріншілік билиарлы цирроз
9. 54 жастағы науқас 3., мамандығы стоматолог, әлсіздікке, тіс иектерінің қанауына, жүдеуге, терісінің қышуына шағымданады. 38 жасында жатыр фибромиомасы жөнінде ота жасалынған. Дене бітімі төмендеген, терісі және кілегей қабаттары сарғайған, тамырлар жұлдызшалары, пальмарлы эритемасы. Бауыры сол бөлігі есебінен 5 см ұлғайған, тығыз, көкбауыры сол қабырға доғасы төменінен 3 см ұлғайған. Іш көлемі сәл ұлғайған, іштің бүйірінде вена тамырлары айқын білінеді; аяғында ісіну жок. ИФА қан сарысуында анықталған: HBsAg (+); анти HB cor IgG (+). Қанның жалпы анализі: Нв - 107 г/л; Эр 2, $9 \times 10^{12}/л$, L 3, $4 \times 10^9/л$, тромбоциттер - 93 мың. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:
- Вирустық гепатиттен соң дамыған цирроз
 - Бауырдың декомпенсирленген криптогенді циррозы
 - Гепатоцеллюлярлы карцинома
 - Біріншілік билиарлы цирроз

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 14 беті

Е. Созылмалы вирустық гепатит

10. 48 жастағы науқас М., оң қабырға астының анда-санда ауырсынатынына, терісі қышуына, әлсіздікке, дене салмағы кемігеніне, терісі құрғап қоңырлағанына шағымданады. Вирустық гепатитпен ауырмаған, дерматолог, аллергологта емделген, нәтижесіз. Объективті: теріде гиперпигментация бар, құрғақ, қышып тастаған орындары бар, гиперкератоз, ксантомалар және ксантелазмалар көрінеді. Бауыр мен көкбауыры ұлғаймаған, бауыр шеті үшкірлеген, тығыз консистенцияда. Ісіну жоқ. УДЗ - гепатомегалия, паренхиманың ЭХО-тығыздығы өзгерген: бауырішілік өт бөліну жолдары, өт қапшығы, ұйқы безі интактты. Қанда - антимитохондриялық антиденелер және IgM деңгейі жоғарылаған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Біріншілік склерозирлеуші холангит
- B. Гемохроматоз
- C. Вильсон-Коновалов ауруы
- D. Бауырдың біріншілік билиарлы циррозы
- E. Бауырдың екіншілік билиарлы циррозы

11. 48 жастағы науқас М., оң қабырға астының анда-санда ауырсынатынына, терісі қышуына, әлсіздікке, дене салмағы кемігеніне, терісі құрғап қоңырлағанына шағымданады. Вирустық гепатитпен ауырмаған, дерматолог, аллергологта емделген, нәтижесіз. Объективті: теріде гиперпигментация бар, құрғақ, қышып тастаған орындары бар, гиперкератоз, ксантомалар және ксантелазмалар көрінеді. Бауыр мен көкбауыры ұлғаймаған, бауыр шеті үшкірлеген, тығыз консистенцияда. Ісіну жоқ. УДЗ - гепатомегалия, паренхиманың ЭХО-тығыздығы өзгерген: бауырішілік өт бөліну жолдары, өт қапшығы, ұйқы безі интактты. Қанда - антимитохондриялық антиденелер және IgM деңгейі жоғарылаған. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің емдеу тактикаңыз:

- A. Преднизолон, креон
- B. Омепразол, урсосан
- C. Метотрексат, урсофальк
- D. Гепабене, квестран
- E. Хофитол, урсодекс

12. Гиперацидті жағдаймен және эпигастрий аймағында тұрақты ауырсынумен қосарланған, антацидтармен басылмайтын асқазанның және 12-елі ішектің көптеген ойық жараларының болуымен байланысты жағдай:

- A. Асқазан обыры
- B. Порталды гастропатия
- C. Өтке тас байланған ауруы
- D. Н.рylogi персистенциясы
- E. Гастронома

13. Науқас С., 45 жаста, физикалық күштемемен байланысты емес және тамақтанғаннан кейін бірден пайда болатын төс артының күйдіріп ауырсынуына шағымданып дәрігерге келді. Ауырсыну сезімі нитроглицерин ішкеннен басылмайды. Объективті: толық келген. Тері жабындыларының түсі қалыпты, таза. АҚ 125/85 мм.сн.бғ. Пульс 74 рет минутына, ырғақты. Жүрек тондары бәсеңдеген, ырғақты. Өкпесі өзгеріссіз. Тілі ылғалды, ақшыл жабынмен қапталған. Іші жұмсақ, пальпацияда эпигастральді аймағы аздап ауырады. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің болжам диагнозыңыз:

- A. Гастроэзофагеальді рефлюксті ауру
- B. Өт-тас ауруы
- C. Жүректің ишемиялық ауруы
- D. Ойық жара ауруы
- E. Созылмалы панкреатит

14. Орта жастаға адамдарда жиі қан кетумен, іш өтумен асқынатын, емге қиын көнетін, көптеген ойық-жаралардың 12 елі ішекте кездесуі тән жағдай:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 15 беті

- A. Гиперпаратиреоз
B. 12-елі ішектің ойық жарасы- обыры
C. Золлингер-Эллисон синдромы
D. ҚҚСЕП-индуцирленген дуоденопатия
E. Мэллори-Вейс синдромы
15. Клиникалық хаттамаға сәйкес бауыр циррозымен сырқаттанатын науқаста энцефалопатияның, ауызынан тәттілеу иістің, жайылған қолдарының «шапалақты» треморының пайда болуы тән жағдай:
- A. Порталды гипертензия
B. Бауыр -клеткалық жетіспеушілік
C. Гепатореналды синдром
D. Мезенхималық қабыну
E. Холестаз синдромы
16. Клиникалық хаттамаға сәйкес бауыр циррозымен сырқаттанатын науқаста дамыған асқазан-ішектен қан кету... дамығанын білдіреді.
- A. Бауыр -клеткалық жетіспеушіліктің
B. Гепатореналды синдромның
C. Мезенхималық қабынудың
D. Порталды гипертензияның
E. Холестаз синдромның
17. Клиникалық хаттамаға сәйкес жіті гепатиттің арнайы критерийі:
- A. АЛТ және АСТ деңгейі 10 есе және одан да көп жоғарлауы
B. Тимол сынамасының 2-3 есе көтерілуі
C. Альбуминдер деңгейі < 40 г/л төмендеу
D. Гамма-глобулиндер деңгейі > 27 г/л астам жоғарлауы
E. Сілтілі фосфата деңгейі 3 және одан да көпке көтерілуі
18. 28 жастағы науқас адам ас қабылдағаннан кейін 1,5-2 сағаттан соң эпигастрий аймағының ауырсынуына, ауамен кекіруіне шағымданды. ЭФГДС: асқазанның антралді және пилорлық бөлімдерінің кілегей қабатынның гиперемиясы. Клиникалық хаттамаға сәйкес кейінгі тактикаңыз:
- A. Хромозндоскопия
B. Helicobacter pylori-ға зерттеу
C. Асқазанның рентгеноскопиясы
D. Асқазан ішілік рН-метрия
E. Электрогастрографиялық әдіс
19. Науқас А., 47 жаста, айқын терінің қышуына шағымданады. 25 жыл бойы химиялық зертханада жұмыс істейді. Объективті: терісі қоңыр түстес, бетінде – ксантеллазмалар бар. Бауыры қабырға доғасынан 4 см шығады. ҚЖА: Нв - 100 г/л, эр. - $3,5 \times 10^{12}/л$, лейкоц. - $6,5 \times 10^9/л$, ЭТЖ - 28 мм/сағ. НЖА: билирубин ++. ҚБА: жалпы билирубин 185 г/л, тікелей фракциясы - 94 г/л, холестерин - 12,6 ммоль/л, АЛТ - 2,52 ммоль/л, АСТ - 1,98 ммоль/л, альбуминдер - 34 ммоль/л, ПТИ - 45%. IgA - 20 МЕ/мл. Клиникалық хаттамаға сәйкес диагнозды дәлелдеу үшін тиімді тексеру:
- A. Эзофагогастродуоденоскопия
B. Эндоскопиялық ретроградты панкреатохолангиография
C. Іш қуысы ағзаларының УДЗ
D. Қысқа уақытты эластография
E. Іш қуысы ағзаларының компьютерлік томографиясы
20. 46 жастағы науқас әлсіздікке, жүрегінің айнуына, оң қабырға астының ауырсынуына, дәреті тұрақсыз болуына шағымданды. Бауыры қабырға доғасы шетінен 3 см шығады, тығыз, пальпацияда ауырады. Көкбауыр пальпацияда білінбейді, көлемі 8x10 см. Нв 125 г/л, лейкоц. 5,2 мың -1 мкл, ЭТЖ -

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 16 беті

28 мм/сағ. АЛТ 1,75 ммоль/л, АСТ 1,45 ммоль/л. Жалпы билирубин 32 мкмоль/л, альбуминдер - 40 г/л, ПТИ - 65%. УДЗ: порталды венаның диаметрі - 1,3 см, көкбауыр веналары - 1,0 см. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Бауыр циррозы, субкомпенсация сатысы
- B. Бауыр циррозы, декомпенсация сатысы
- C. Аутоиммунды гепатит
- D. Крювелье-Баумгартен ауруы
- E. Бауыр циррозы, компенсация сатысы

5 вариант

1. 46 жастағы науқас әлсіздікке, жүрегінің айнуына, оң қабырға астының ауырсынуына, дәреті тұрақсыз болуына шағымданды. Бауыры қабырға доғасы шетінен 3 см шығады, тығыз, пальпацияда ауырады. Көкбауыр пальпацияда білінбейді, көлемі 8x10 см. Нв 125 г/л, лейкоциттер 5,2 мың -1 мкл, ЭТЖ - 28 мм/сағ. АЛТ 1,75 ммоль/л, АСТ 1,45 ммоль/л. Жалпы билирубин 32 мкмоль/л, альбуминдер - 40 г/л, ПТИ - 65%. УДЗ: порталды венаның диаметрі - 1,3 см, көкбауыр веналары - 1,0 см. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- A. Бауыр циррозы, субкомпенсация сатысы
- B. Бауыр циррозы, компенсация сатысы
- C. Бауыр циррозы, декомпенсация сатысы
- D. Аутоиммунды гепатит
- E. Крювелье-Баумгартен ауруы

2. 28 жастағы науқас К., жүріс-тұрысының, сөйлеуінің бұзылғанына, бұлшықеттің ригидтілігіне шағымданып дәрігерге келді. Объективті: терісі сарғайған, көздің мүйізді қабатының шеттерінде жасыл түсті сақина көрінеді. Бауыры қабырға доғасы шетінен + 3 см шығады, көкбауыр көлемі 10x12 см. Жалпы билирубин - 45 мкмоль/л, альбуминдер 0 40 г/л, ПТИ - 65%, сарысудағы церулоплазмин - 0,1 г/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес күдікті диагноз:

- A. Бауырдың біріншілік билиарлы цирроз
- B. Бауырдың екіншілік билиарлы цирроз
- C. Гепато-лентиккулярлық дегенерация
- D. Гемохроматоз
- E. Бауырдың карциномасы

3. Клиникалық хаттамаға сәйкес бауыр веналарының тромбозында дамиды синдром:

- A. Демпинг-синдром
- B. Мэллори-Вейс синдромы
- C. Крювелье-Баумгартен синдромы
- D. Золлингер-Эллисон синдромы
- E. Бадд-Киари синдромы

4. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқаста бір мезгілде қанның құрамында билирубин мен холестерин деңгейінің жоғарлауымен жүретін синдром:

- A. Холестаз
- B. Цитолиз
- C. Мезенхималық қабыну
- D. Бауырлы-клеткалық жетіспеушілік
- E. Порталды гипертензия

5. Клиникалық хаттамаға сәйкес созылмалы В гепатитпен сырқаттанғанда вирусқа қарсы терапияға көрсеткіші ретінде ИФА анықталуы керек:

- A. HBsAb

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 17 беті

- B. HBcAg
 C. HBeAg
 D. HBcAb
 E. HBsAg
6. Сарғаюы және орташа гепатомегалиясы бар науқастың биохимиялық зерттеулерінде анықталды: жалпы белок 60 г/л, гамма-глобулиндер - 28г/л, СРБ ++, тимол сынамаcы - 6 бірл., ЭТЖ - 26 мм/сағ. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқаста дамыған синдром:
- A. Цитолиз
 B. Мезенхималық қабыну
 C. Холестаз
 D. Бауыр-клеткалық жетіспеушілік
 E. Бауыр қан айналымын шунттау
7. Гепатоспленомегалия және асциті бар науқастың биохимиялық зерттеулерінде қалдық азот пен мочевинасы жоғарылаған, несепте индол, скатол және фенол деңгейі жоғарылаған. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқаста дамыған синдром:
- A. Цитолиз
 B. Холестаз
 C. Мезенхималық қабыну
 D. Бауыр-клеткалық жетіспеушілік
 E. Бауыр қан айналымын шунтирлеу
8. Бауырының көлемі кішірейген, қантамырлы жұлдызшылары, гинекомастиясы, қанағыштығы бар науқастың зертханалық тексеруінде: -қан альбумині - 35г/л, ПТИ - 40%, жалпы билирубині - 5 ммоль/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқаста дамыған синдром:
- A. Цитолиз
 B. Холестаз
 C. Бауыр-клеткалық жетіспеушілік
 D. Мезенхималық қабыну
 E. Бауыр қан айналымын шунтирлеу
9. Айқын сарғаюы, тері қышымасы, үлкен дәреті ағарған және несегі қоңырлаған көріністері бар науқастың зертханалық зерттеуінде анықталды: жалпы билирубин 120 ммоль/л, холестерин - 8,5 ммоль/л, бета-липопротеидтер - 5 ммоль/л, сілтілі фосфатаза - 5,2 мккат/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқаста дамыған синдром:
- A. Холестаз
 B. Бауыр-клеткалық жетіспеушілік
 C. Цитолиз
 D. Мезенхималық қабыну
 E. Бауыр қан айналымын шунтирлеу
10. Гепатоспленомегалия және сарғаюы бар науқастың тексергенде: І дәрежедегі энцефалопатия; верошпиронмен емдегенге көнетін асцит, қан сарысуындағы жалпы билирубин - 38 ммоль/л, ПТИ 48%, қан сарысудағы альбуминдер деңгейі - 30 г/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің болжам диагнозыңыз:
- A. Порталді гипертензия (К 76.6)
 B. Бауыр циррозы, компенсирленген (К 74)
 C. Бауыр циррозы, субкомпенсирленген (К 74)
 D. Бауырдың созылмалы жетіспеушілігі (К 72)
 E. Бауыр циррозы, декомпенсирленген (К 74)
11. 47 жастағы науқас әйел А., терісінің қышынуына, әлсіздікке шағымданады. 25 жыл бойы химиялық зертханада жұмыс істеген. Объективті: тері қоңыр түстес, беттерінде ксантомалар. ҚЖА: Нв - 100 г/л,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 18 беті

эр. - $3,5 \times 10^{12}$ /л, лейкоц. - $6,5 \times 10^9$ /л, ЭТЖ 28 мм/сағ. НЖА: түсі - қоңыр, сал. тығыздығы - 1029. Билирубин 185 г/л, холестерин - 12,6 ммоль/л, АЛТ - 2,52 ммоль/л, АСТ - 1,98 ммоль/л, ПТИ - 45%. IgA - 20 МЕ/мл. УДЗ: гепатоспленомегалия, бауыр ішіндегі өт жолдары кеңейген, d v.porta - 16 мм, v.lienalis - 13 мм. Іш қуысында - 900 мл сұйықтық бар. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- Біріншілік билиарлы цирроз (K74.3)
- Бауырдың алкогольді циррозы (K70.3)
- Бауырдың токсикалық зақымдануы, цирроз (K71.7)
- Екіншілік билиарлы цирроз (K74.4)
- Токсический гепатит (K71)

12. Клиникалық хаттамаға сәйкес асқазанның пилорлық бөлігі және 12-елі ішектің ойық жарасында ауырсынудың орналасатын орны:

- Кіндік айналасында
- Эпигастрийде семсерше өсіндісінің асты
- Төстің арты
- Эпигастрийде орта сызықтан сол жағында
- Эпигастрийде орта сызықтың оң жағында

13. Клиникалық хаттамаға сәйкес жіті вирусты В гепатиттен сауығу маркері:

- HBeAg
- Ig G тобының HBcAb
- Ig M тобының HbcAb
- ДНК HBV
- HBsAg

14. 27 жастағы науқас Р., оң қабырға астының қатты ұстамалы ауырсынуна, дефекация және газ бөлінгеннен кейін ауырсынудың бәсеңдеуіне; үлкен дәреті тұрақсыз болуына шағымданды. Тілі ылғалды, таза. Іші жұмсақ, оң жақ қабырға асты пальпацияға сезімтал. Бауыр мен көкбауыр ұлғаймаған. Билирубин 20 ммоль/л, АЛТ - 0,68 ммоль/л, АСТ - 0,45 ммоль/л. УДЗ: өт қапшығы қалыпты көлемде, қабырға қалыңдығы 0,3 см. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- Созылмалы холецистит, өршу сатысы
- Созылмалы панкреатит, өршу сатысы
- Өт шығару жолдарының дискинезиясы
- Ішектің тітіркену синдромы
- Созылмалы гепатит

15. 58 жастағы науқас әйел М., остеоартрозбен сырқаттанады, 3 жыл бойы қабынуға қарсы стероидты емес препараттар қабылдайды. Клиникалық хаттамаға сәйкес осы препараттардың әсерінен дамиды асқазанның ойық жарасының алдын алуы үшін тағайындау қажет:

- Омепразол + тетрациклин
- Омепразол + домперидон
- Омепразол + мизопростол
- Омепразол + фамотидин
- Омепразол + аллохол

16. Жүк тасушы науқас С., кекіруге, төс артының ауырсынуына, тамақ қабылдағаннан кейін және ауыр жұмыс істегенде ауырсынудың күшеюіне шағымданды. Алмагель қабылдағанда жағдайы жақсарады. ЭФГДС: өңештің кілегей борпылдақ, кілегей қабаттың бір қатпар аумағымен шектелген ұзындығы 5 мм артық зақымдануы, өңештің төменгі сфинктері ашық. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз:

- I дәрежедегі ГЭРА
- II дәрежедегі ГЭРА
- III дәрежедегі ГЭРА

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 19 беті

D. IV дәрежедегі ГЭРА

E. V дәрежедегі ГЭРА

17. 60 жастағы науқас әйел С., әлсіздікке, аяғының ұштарындағы парестезияларға, жүріп-тұруының тұрақсыздығына, тәбетінің нашарлағанына, шіріген иіспен кекіруге, диареяға шағымданды. Объективті: терісі бозарған, сарғыш түстес. Тілі жылтыр "лакталғандай". Іші жұмсақ, ауырмайды. Бауыры қабырға доғасы шетінен + 2см шығады. Көкбауыры - 12х7 см. Нв - 80 г/л, эр. - $2,0 \times 10^{12}/л$, лейкоц. - $3,3 \times 10^9/л$; тромб. - $100 \times 10^9/л$, ЭТЖ - 26 мм/с. Жалпы билирубин 40 г/л, тікелей фр. - 4 г/л, АЛТ - 0,68 ммоль/л, тимол сынама - 5,0 бірл. ЭФГДС: асқазанның антралды бөлігінің кілегей қабаты бозарған, катпарлары әлсіз білінеді, рельефтері жазылып кеткен. Сіздің диагнозыңыз:

A. Гипертрофиялық гастрит

B. Гранулематозды гастрит

C. Атрофиялық антралды гастрит

D. Өттік рефлюкс-гастрит

E. Созылмалы белсенді гастрит эрозиясыз

18. 56 жастағы науқасты әлсіздік, бас айналуы, "кою кофесіне" ұқсас екі рет құсу, сұйық, деготь тәріздес үлкен дәрет, тершенділік, шөлдеу мазалаған соң қабылдау бөліміне жеткізілді. Анамнезінде: антиагреганттарды қабылдайды, 1 жыл бойы эпигастрий аймағы ауырсынады, сода қабылдағанда бәсеңдейді. Қазіргі қал-жағдайының нашарлауын ауыр жүкті көтеруімен байланыстырады. Объективті: бозарған, АҚ 100/65 мм рт. ст., ЖЖЖ минутына 105, пульсы әлсіз, ортостатизм белгілері бар. Іштің тітіркену симптомы жоқ. Клиникалық хаттамаға сәйкес сіздің диагнозыңыз

A. Гудпасчер синдромы, асқазаннан қан кету

B. 12-елі ішектің ойық жара ауруы, қан кету

C. Жіті геморрагиялық гастрит, қан кету

D. Асқазанның перфорациясы

E. Асқазанның симптоматикалық ойық жарасы, қан кету

19. 40 жастағы науқас М., аурухананың гастроэнтерологиялық бөлімшесіне теріснің қышынуына, сарғаюына, оң қабырға астында ауырлық сезінуге, әлсіздікке шағымданып жатқызылды. Объективті: терісі сарғайған, қасыған іздер көрінеді, бауыры +5 см, көкбауыры 5х7 см. Қанда: сілтілі фосфатаза - 90 МЕ/л, жалпы билирубин - 120 мкмоль/л, холестерин - 8,0 ммоль/л. Науқастағы жетекші синдром:

A. Холестатикалық

B. Гепатолиеналдық

C. Цитолитикалық

D. Мезенхималды-қабыну

E. Бауыр клеткаларының жетіспеушілігі

20. 40 жастағы науқас М., аурухананың гастроэнтерологиялық бөлімшесіне теріснің қышынуына, сарғаюына, оң қабырға астында ауырлық сезінуге, әлсіздікке шағымданып жатқызылды. Объективті: терісі сарғайған, қасыған іздер көрінеді, бауыры +5 см, көкбауыры 5х7 см. Қанда: сілтілі фосфатаза - 90 МЕ/л, жалпы билирубин - 120 мкмоль/л, холестерин - 8,0 ммоль/л. Науқастағы холестаза синдромын басу үшін ...тағайындау қажет.

A. Орнитин-аспаратты

B. Дифенгидраминді

C. Холестираминді

D. Хофитолды

E. Эссливер-фортені

6 вариант

1. Науқаста созылмалы вирусты гепатит С анықталған, қанда жалпы билирубині - 85,5 мкмоль/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес үрдістің белсенділік дәрежесін анықтаңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Терапия және кардиология «Ішкі аурулар - 2» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 84 беттің 20 беті

- A. Белсендік дәрежесін билирубин емес сілтілі фосфатаза деңгейі бойынша анықтайды
 - B. Белсендік дәрежесін билирубин емес АЛТ деңгейі бойынша анықтайды
 - C. Минималды, өйткені белсендік дәрежесін билирубин деңгейі бойынша анықтайды
 - D. Орташа, өйткені белсендік дәрежесін билирубин деңгейі бойынша анықтайды
 - E. Айқын, өйткені белсендік дәрежесін АСТ деңгейі бойынша анықтайды
2. Емхана гастроэнтеролог кеңесіне 23 жастағы емделуші келді, оның биохимиялық зерттеулер қорытындылары: жалпы билирубин - 79,5 ммоль/л, конъюгирленген - 4,5 ммоль/л, АЛТ 25 бірл/л. Клиникалық хаттамаға сәйкес осындай зертханалық көрсеткіштеріне сәйкес клиникалық көрініс:
- A. Сарғаю, терісі қышиды, өт пигменттерінің әсерінен несепі қоңырлайды
 - B. Сарғаю, терісі қышиды, нәжістің ахолиясы
 - C. Тері жамылғыларының сарғаюы, әлсіздік
 - D. Гепатомегалия, терісі қышиды, өт пигменттер әсерінен несеп қоңырлайды
 - E. Сарғаю, бос билирубин әсерінен несеп қоңырлайды
3. Клиникалық хаттамаға сәйкес асқазан денесінің ойық жарасында ауырсынудың орналасатын орны:
- A. Ортанғы сызықтан сол жақ эпигастрийде
 - B. Семсерше өсіндіде
 - C. Төс артында
 - D. Ортанғы сызықтан оң жақ эпигастрийде
 - E. Кіндіктің айналасында
4. Клиникалық хаттамаға сәйкес HCV репликациясының маркері:
- A. ДНК HCV
 - B. HCVAb - Ig M
 - C. HCVAb - Ig G
 - D. РНК HCV
 - E. HDV Ag
